

**6D120100 – «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған  
Жылқайдар Арман Жетпісбайұлының «Ауылшаруашылық жануарлары  
желінсауышының иммунопрофилактикасы» тақырыбындағы  
диссертациялық жұмысына**

**ПІКІР**

**Диссертация тақырыбының өзектілігі.**

Орындалған жұмыстың өзектілігін, оның қазіргі ғылым мен практика үшін маңызын негіздеу. Докторант Жылқайдар Арман Жетпісбайұлының орындаған тақырыбының өзектілігі күмән тудырмайды, себебі мал шаруашылығы кәсіргі уақытта әлемде және біздің елде қарқынды дамып келе жатқан рентабельдігі жоғары және жылдам дамитын, ауыл шаруашылығының алдыңғы қатарындағы бір сала. Ветеринария ғылымы мен практикасы үшін халықтық экономикалық және әлеуметтік маңызы бар үлкен мәселе – сүт бездерінің аурулары, ең алдымен мастит.

Бұл патология шетелде де, біздің елімізде де кең таралған. Ауыл шаруашылығы жануарларының маститі ауру малды мерзімінен бұрын жою, сүт өнімділігін ішінара және толық жоғалту нәтижесінде мал басының өзгеруі, емдеу шығындары, жас малдардың ауруға шалдығуы мен өлуі, сүт және сүт өнімдерінің сапасының нашарлауы салдарынан орасан зор экономикалық зиян келтіреді.

Сиырлар, қойлар, ешкілер, шошқалар, биелер және соңғы кездері түйелер желінсаумен ауырады, бұл түйелерді машинамен сауумен байланысты болса керек. Жануарлардағы ауру ісінумен, жергілікті температураның жоғарылауымен және желінің ауыруымен, бездегі секрецияның бұзылуымен сипатталады. Қызба және басқа да жүйелі белгілермен (депрессия, жиі әлсіз пульс, көздің шөгуі, әлсіздік, толық анорексия және т.б.) жүреді. Аурудан айыққаннан кейін сүт безінің паренхимасының жартылай немесе толық атрофиясы мүмкін. Ағзаның төзімділігі жоғары болса және қоршаған ортаның зиянды әсері көп болмаса, онда желінсаудың субклиникалық түрі байқалады.

Біздің елімізде де, шетелде де малды желінсаумен емдеудің көптеген әдістері мен дәрі-дәрмектері ұсынылған. Дегенмен, олардың тиімділігі әртүрлі және, өкінішке орай, екі-үш лактациядан кейін жануарлардың көпшілігі диагнозбен жойылады: гипогалактия, агалактия, емізек кварталдарының атрофиясы, индурация, абсцесс түзілуі, гангрена және т.б. Жануарлардағы Желінсауға қарсы антибиотикалық терапияның ең маңызды кемшіліктері сүттің препаратпен ластануын қамтиды. Қазақстанның ДСҰ-ға кіруімен сапа менеджменті жүйесі енгізілді, оның негізгі принциптері ISO9001: 2000 стандартында бекітілген, ол фармакологиялық препараттарды қолданудың нақты декларациясын талап етеді.

Айта кету керек, мастит тек сүт безіне ғана емес, жалпы жануарға да әсер етеді. Сондықтан, микробқа қарсы препараттардың көмегімен инфекциялық процесті жоюға бағытталған малды желінсаумен емдеуді ғылыми негізделген

деп санауға болмайды.

Сауын гигиенасын жоғарылату, сауылғаннан кейін емізіктерді дезинфекциялау және сауу машиналарына техникалық қадағалау, санитарлық жағдайды жақсарту - желінсаудың жаңа жағдайларын болдырмаудың жалпы шаралары болып табылады, бірақ белсенді маститті емдеу негізінен антибиотиктерге байланысты. Дегенмен, антибиотиктерді кеңінен қолдану оларға төзімді патогендердің пайда болуына қатысты алаңдаушылықты арттырды, бұл сүт өнеркәсібінің антибиотиктерді қолдануды азайтуына әкелді.

Бұл ауыл шаруашылығы жануарларының маститін емдеу және алдын алу әдістерін қайта қарауға және бірінші кезекте сүт безінің де, жалпы организмнің де қалыпты физиологиялық жағдайын қалпына келтіруге бағытталған экологиялық таза препараттарды тәжірибеге енгізуге негіз береді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз өз жұмысымызда ауыл шаруашылығы жануарларындағы желінсаудың этиологиялық құрылымын зерттеуді, маститті диагностикалаудың сенімді әдістерін анықтауды және жануарлар желінсауына қарсы поливалентті вакцинаның профилактикалық тиімділігін тексеруді мақсат еттік. Осы жағдайларды ескере отырып, докторант Жылқайдар Арман Жетпісбайұлы ауылшаруашылық жануарлары желінсауының клиникалық, гистологиялық және полимераздық тізбек реакциясымен тәсілдермен зерттеп, микробиологиялық зерттеулермен дәлелдеген. Атап айтатын болсақ, докторант Алматы, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда, облыстарының шаруа қожалықтары басшыларының рұқсатымен аталған ауруға қолайсыз жоғарыда аталған облыстардың шаруашылықтарында патологиялық морфологиялық зерттеп, олардың анамнездік деректерін талдап, клиникалық, микробиологиялық, гистологиялық және полимераздық тізбек реакциясымен зерттеген.

Докторант А.Ж. Жылқайдар диссертация жұмысының тақырыбы бойынша, ауылшаруашылық жануарлары желінсауына қарсы вакцинациялау үшін инновациялық тәсілдерді қолдана отырып, өзінің кәсіби біліктілігін Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Микробиология, вирусология және иммунология», «Биологиялық қауіпсіздік» және «Акушерлік, хирургия және өсіп-өну биотехнология» кафедраларында, Туркия, Спарта қаласыдағы, «Isparta Uygulamalı Bilimler Üniversitesi» жоғарылатты, Алматы, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда, облыстарының шаруашылықтарында, Қазақ-Жапон инновациялық орталығында зерттеу нәтижелерін растады.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан республикасының ұлттық ғылыми техникалық ақпараттар орталығында ынталы бағдарлама ретінде 16.10.2019 жылы тіркелген № 02-16-01-1354 және докторлық диссертация тақырыбы бойынша орындаған зерттеулердің өзектілігін көрсете отырып, тиімді нәтижелердің шыққанын растайды.

**Докторлық диссертацияның практикалық маңызы.** Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша әртүрлі формадағы желінсауды клиникалық, микробиологиялық, гистологиялық және полимераздық тізбек реакциясымен сипатталып нақтыланды және осы уақытқа дейінгі белгілі болған мәліметтер қорын толықтырады.

Ұсынылған зерттеу нәтижелері шаруашылықтардағы малдәрігерлеріне желінсаумен ауырған жануарлардың дер кезінде постмортальды диагноз қоюға және тиімді емдік және алдын алу шараларын жүргізуге мүмкіндік береді. Алынған мәліметтер ветеринария мамандықтары бойынша оқитын студенттер, магистранттар және докторанттар үшін оқу процессіне қолданылады.

**Докторлық диссертацияға қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелер.** Докторлық диссертацияны докторант ғылыми жетекшінің басшылығымен бекітілген жеке жұмыс жоспарына сәйкес орындады.

Докторанттың алған ғылыми зерттеулер нәтижесі бойынша: 2018-2021 жылдар арасында Алматы, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда, облыстары бойынша 3 жылда жалпы саны 6 шаруашылықта зерттеу жүргізіп, ауылшаруашылық жануарлары желінсауын клиникалық, микробиологиялық, гистологиялық және полимераздық тізбек реакциясымен балап, сау жануарларда аурудың алдын алу мақсатында жаңа үлгідегі ғылыми практикалық құндылығы жоғары әдістерді қолданып, нәтижелерін енгізді.

Орындалған ғылыми жұмыстың нәтижелері докторанттың тікелей қатысуымен Туркия, Спарта қаласыдағы, «Isparta Uygulamalı Bilimler Üniversitesi» ауылшаруашылық жануарлары желінсауынына қарсы вакцинация жасап, тәжірибелік апробациядан өткізді вакцинасын сынап, актілерін алды.

**Докторант сүйенетін негізгі ғылыми- әдістемелік ережелер.** Докторант өз диссертациясында, теориялық, әдістемелік, эксперименттік, клиникалық, микробиологиялық, гистологиялық және полимераздық тізбек реакциясымен зерттеу әдістерін пайдаланды. Алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігі зерттеу барысында зертханалық зерттеулермен расталды, себебі ауруға микробиологиялық зерттеу барысында желінсау қоздырушысын бөліп, балау қойып, және алдын алу жұмыстарын жүргізіп, зерттеулердің нәтижесін растаған.

**Докторанттың алған ғылыми нәтижелері және олардың негізділігі.** Диссертацияның кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі, жұмыстың мақсат, міндеттері, зерттеу объектілері, қысқаша жұмыстың мәні мен қорғалатын ережелер көрсетілген. Диссертациялық жұмыс бойынша апробация берілген және тараулар бойынша толық қорытындылар жасалған.

Өзіндік зерттеу бөлімдерінде ауылшаруашылық жануарлары желінсауының эпизоотологиясын, аурудың өту барысына байланысты клиникалық белгілерінің көріну ерекшеліктерін, оның сипатын, кешенді балау және алдын-алу нәтижелері көрсетілді.

**Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы.** Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер ішкі бірлікпен сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері бойынша 13 ғылыми жұмыс жарық көрген, оның ішінде: 3 мақала ҚР БЖҒМ БСБК ұсынған басылымдарда, 1 мақала - Web of Science және Scopus деректер базасына енгізілген журналдарда, 6 мақала халықаралық конференциялар жинағында жарияланған, 3 пайдалы модельге патент алынған.

**Докторанттардың жеке үлесі.** Ұсынылған диссертациялық жұмыс автордың өз бетінше орындап, аяқтаған ғылыми – зерттеу жұмысы болып табылады және PhD докторы дәрежесін алу үшін диссертациялар жөніндегі Комитеттің талаптарына толық сәйкес келеді.

Докторанттың зерттеуші ретіндегі қасиеттері, зерттеу әдістері бойынша жинақталған тәжірибе. Диссертациялық жұмыстың нәтижесінде докторанттың ғылыми қызметкер ретіндегі сапасы айтарлықтай артты. Алынған ғылыми зерттеу тәжірибесі докторантқа қолданбалы зерттеулерді одан әрі жоғары деңгейде жүргізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ғылым жолында жасаған жұмысы бойынша зерттеулер мен сараптамаларды жасауда тәжірибесінің мол екендігін байқатып, ғылыми зерттеуінде көрсете білді

**Қорытынды.** Докторант Жылқайдар Арман Жетпісбайұлының диссертациясы автордың өз бетінше орындалған, толық аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады және докторант ғылыми дәрежесін алу үшін ҚР Жоғары аттестаттау комиссиясының диссертациясына қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыс нәтижелері шаруашылықтарда, оқу процесінде, инновациялық жобаларға енгізуге болады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Жылқайдар Арман Жетпісбайұлы «Ауылшаруашылық жануарлары желінсауының иммунопрофилактикасы» тақырыбында дайындаған диссертациясы, қойылған талаптарға сай орындалған және докторант 6D120100 – «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға лайық деп санаймын.


**Ғылыми кеңесші:**

ҚазҰАЗУ КеАҚ «Микробиология,  
вирусология және иммунология»  
кафедрасының профессоры, в.ғ.д.

Ж.С.Киркимбаева

Пікір беруші, в.ғ.к., профессор  
Ж.С.Киркимбаеваның қолын растаймын.

Бас ғалыми хатшы



**РАСТАЙМЫН**

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу  
университетінің ғылыми кеңесшісінің хатшысы

Handwritten signature and date: 21.02.2024

У.Керимова